

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
THE MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN**

**Л.Н.ГУМИЛЕВ ат. ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 20-жылдығына және экономика ғылымдарының докторы, профессор, ХАА және Ресейлік Жаратылыстану Академиясының академигі, «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі Садвокасова Куляш Жабыковнаның 60-жас мерейтойына арналған «Жаңа нақты жаһандық жағдайда Қазақстан Республикасының қаржы-несие жүйесінің дамуы»

Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының

ЕҢБЕКТЕРІ

ТРУДЫ

Международной научно-практической конференции

«Развитие финансово-кредитной системы Республики Казахстан в условиях новой глобальной реальности», посвященную 20-летию ЕНУ им. Л.Н.Гумилева и 60-летию доктора экономических наук, профессора, Академика МАИН и Российской Академии Естествознания, заведующей кафедрой «Финансы» Садвокасовой Куляш Жабыковны.

WORKS OF THE

international scientific- practical conference

"Development of the financial - credit system of the Republic of Kazakhstan in the new global reality", dedicated to the 20th anniversary of L.N. Gumilyov ENU and the 60th anniversary of Sadvokasova Kulyash Zhabykovna, doctor of economic sciences, professor, IA academician, academician of the Russian Academy of Natural Sciences and head of the department "Finance".

2 часть

Астана – 2016

Л.Н.ГУМИЛЕВ ат. ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Л.Н. ГУМИЛЕВ ат. ЕҰУ ЖАНЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ СОВРЕМЕННЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ЕНУ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
IMS OF LN GUMILYOV ENU

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ
ECONOMIC RESEARCH INSTITUTE



Орынбор мемлекеттік университеті
Оренбургский государственный университет
Orenburg State University



Пенза мемлекеттік университеті
Пензенский государственный университет
Penza State University



Тыва мемлекеттік университеті
Тувинский государственный университет
Tuvan State University



БМУ бизнес пен технология менеджменті институты
Институт бизнеса и менеджмента технологий БГУ
School of business and management of technology of BSU



Ресей халықтар достығы университеті
Российский Университет дружбы народов
Peoples' Friendship University of Russia



ТРУДЫ

Международной научно-практической конференции

«Развитие финансово-кредитной системы Республики Казахстан в условиях новой глобальной реальности», посвященную 20-летию ЕНУ им. Л.Н.Гумилева и 60-летию доктора экономических наук, профессора, Академика МАИН и Российской Академии Естествознания, заведующей Кафедрой «Финансы» Садвокасовой Куляш Жабыковны.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 20-жылдығына және экономика ғылымдарының докторы, профессор, ХАА және Ресейлік Жаратылыстану Академиясының академигі, «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі Садвокасова Куляш Жабыковнаның 60-жас мерейтойына арналған «Жаңа нақты жаһандық жағдайда

Қазақстан Республикасының қаржы-несие жүйесінің дамуы»
Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының

ЕҢБЕКТЕРІ

WORKS OF THE

international scientific- practical conference

"Development of the financial - credit system of the Republic of Kazakhstan in the new global reality", dedicated to the 20th anniversary of L.N. Gumilyov ENU and the 60th anniversary of Sadvokasova Kulyash Zhabykovna, doctor of economic sciences, professor, IA academician, academician of the Russian Academy of Natural Sciences and head of the department "Finance".

ӘОЖ 336.13.012.24 (574)

УДК 336.13.012.24 (574)

ББК 65.9.(5каз)я431

«Жаңа нақты жаһандық жағдайда Қазақстан Республикасының қаржы-несие жүйесінің дамуы» Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының еңбектері- Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016 .-595 б.

Труды международной научно-практической конференции «Развитие финансово-кредитной системы Республики Казахстан в условиях новой глобальной реальности», Астана: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2016.-595 с.

Works of the international scientific- practical conference "Development of the financial - credit system of the Republic of Kazakhstan in the new global reality", - Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016.-p.595.

Редакция алқасы:

САПАРОВА Б.С.– төрағасы, э.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының профессоры

КУЧУКОВА Н.К. - төраға орынбасары, э.ғ.д., ХАА академигі, РЖА академигі, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының профессоры

САДВОКАСОВА К.Ж. – э.ғ.д., профессор , ХАА академигі, РЖА академигі, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі

АХМЕТЖАНОВА С.Б.- э.ғ.д., профессор, Ғылыми экономикалық сараптама орталығының директоры, Экономикалық зерттеулер институты

СЫДЫҚНАЗАРОВ М.Қ.- ф.ғ.к., саясаттану PhD, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы Заманауи зерттеулер институтының директоры

КОРОЛЕВ Ю.Ю. – э.ғ.к., доцент, БМУ Бизнес пен технология менеджменті институтының «Бизнес-администрирование» кафедрасының меңгерушісі

ПАРУСИМОВА Н.И. – э.ғ.д., профессор, Орынбор мемлекеттік университетінің «Банковское дело и страхование» кафедрасының меңгерушісі

КУЗНЕЦОВА Т.Е. - э.ғ.к., доцент, Пенза мемлекеттік университетінің кафедрасының меңгерушісінің орынбасары

ДОНГАК Ч.Г. - э.ғ.к., доцент, Тыва мемлекеттік университетінің «Экономика и менеджмент» кафедрасының меңгерушісі

ЖАМИЕВА А.Е. –хатшы, экономика магистрі, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының аға оқытушы

ISBN 978-601-7121-75-4 (ч.2)

ISBN 978-601-7121-71-6 (общ.)

УДК 336.13.012.24 (574)

ББК 65.9.(5каз)я431

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016

© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2016

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН КӨТЕРУ - ТҰРАҚТЫ ВЕНЧУРЛЫҚ ЭКОЖҮЙЕ

Еркін А.Е., Жақсатова Ж.А.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Сейсинбинова А.А.

Қазіргі әлем экономикасының басты құраушысы - инновация. Инновация тек жаңашылдық, идея немесе жаңа технологиялармен ғана шектелмейлі, ол - елде қалыптасқан экономикалық жүйенің бүтін бөлігі, өзінің институттары, инфрақұрылымы, тиісті жүйелік байланыстары бар жеке сектормен көрінеді. Ал инновацияға бағытталған экономикаға басты қажет элемент-венчурлық бизнес. Венчурлық қаржыландыру механизмінің сәтті жұмыс жасауы тек қана инновациялық үдерісті дамытуға жасалған өзара байланыс жүйесін орнатқан жағдайда ғана болады. Өзара энергия алмаса алатын, байланысқан қатысушылары бар жүйені экожүйе ретінде қарастыра аламыз. «Экожүйе» термині алғаш рет англиялық ботаник А.Тенслимен енгізілген болатын. Оның анықтамасы бойынша экожүйе кез-келген ағзалардың бірігіп тіршілік етуі және оларды қоршаған ортаны білдіреді.

Қазіргі өзге ғылымдар терминінің экономика ғылымында қолданылуы дағдылы жағдай. Ал венчурлық кәсіпкерліктің экономикалық жүйе ретінде функциясы мен құрылымының ұқсастығы «экожүйе» терминін тек биология ғылымында емес, экономикада да қолдануға мүмкіндік береді. Ендеше «венчурлық экожүйе» дегеніміз не, оның құрылымы мен функциясын қандай? Венчурлық индустриядағы экожүйе венчурлық бизнестің өзара байланысқан элементтері мен оның өзіндік дамуы мен қолдауына қажетті ресурстардан тұрады, яғни венчурлық жобаларға ғылыми зерттеу кезеңінен коммерциялық өнім немесе қызмет қалыптасқанға дейін көмек беру үшін құрылған өзара байланысқан әрі бірін-бірі толықтырушы институттар жүйесі. Тұрақты венчурлық экожүйені құру оңай емес, алайда нәтижесі Қазақстанның инновациялық дамуындағы көптеген мәселелерді шешуге негіз бола алады. Экожүйенің басты элементі кәсіпкерлер, новаторлар, яғни, тәуекел инновациялық жобаларды жасаушылар. Жалпы нарықтың белгілеріне жауап қайтаруға, оларға сәйкес әрекет жасауға бейім құраушы. Себебі, олар бағасы төмен, сапасы жақсы өнім шығаруға ұмтылады, сонымен қатар, қолда бар ресурстар мен мүмкіндіктерді максималды тиімді қолдануға тырысады [1].

Венчурлық экожүйеге венчурлық бизнесті қолдаушы институттар да кіреді:

Қаржылық қамтамасыз ету;

Ұйымдастырушылық-өндірістік инфрақұрылым;

Кадрлық қамтамасыз ету;

Құқықтық қолдау;

Ақпараттық қамтамасыз ету;

Қаржылық қамтамасыз ету

Венчурлық бизнесті қаржылық қамтамасыз етуде әлемдік тәжірибеде бірнеше көздері бар: бизнес-періштелер, арнайы венчурлық қорлар, гранттар, инвестициялық қорлар т.б.

Инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру үшін және венчурлік индустрияның тиімді жұмыс жасауын қамтамасыз ету үшін еліміздегі венчурлық бизнес нарығының негізгі субъектісі «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ венчурлық қорлар құра бастады. Осылайша, 2004 жылдан бері 6 отандық венчурлық қорлар құрылған болатын. Олар: «Адвант» венчурлік қоры» АҚ, «Венчурлік «Әрекет» жоғары технологиялар қоры» АҚ, «Сентрас» АИФРИ» АҚ, «Glotur Technology Fund» АИФРИ» АҚ, «Almaty Venture Capital» АҚ, «Logycom Perspective Innovations» АИФРИ» АҚ

1-кесте. 2014 жыл бойынша венчурлық қорлар[2]

№	Атауы	Жылы	«ТДҰА» АҚ инвести-ция үлесі, млн тг	Статус	Инвестициялар қайтарылуы, млн тг
1	«Арекет» АҚ	2004	264	реализация	-
2	«Delta Technology» АҚ	2005	1 319	реализация	-
3	«АИФРИ «LogyCom Perspective Innovations» АҚ	2008	29,4	ликвидаци-я	28,4
4	«Орталық Азиялық жаңартылмалы энергия көздері қоры» ЖШС	2014	-	реализация	-

Жалпы капитализация мөлшері 100 млн АҚШ доллары болса, мұндағы ҰИҚ үлесі 49,2 млн долларды құрады. 2010 жылы ҰИҚ «Almaty Venture Capital» АҚ және «Адвант» венчурлық қоры» үлестігінен 58,8 млн теңге кіріспен шығып кетті. Ал 2013 жылы «LogyCom Perspective Innovations» АҚ әрекетсіздігі себебінен ерікті түрде тарату туралы шешім қабылданған [2].

2014 қараша айында Агенттік «Tengri Energy Capital» ЖШС және жеке секторды дамыту бойынша Ислам корпорациясымен біріге отырып, «Орталық Азиялық жаңартылмалы энергия көздері қоры» ЖШС инвестициялық ұйымы құрылған болатын. Жалпы капитал мөлшері 50 млн. АҚШ долларын, Агенттік салымы 15 млн долларды құрайды [2].

Аталған мемлекеттік-жеке меншік әріптестік негізіндегі венчурлық қорлар еліміздегі венчурлық бизнесті дамытуда өте маңызды рөлге ие. Агенттік еліміздегі жобалық қаржыландырумен 2014 жылдан бастап айналыспайды, яғни бұл қаржыландыру функциясы толығымен бәсекелік ортаға өткенін білдіреді. Алғашқы құрылу кезінде жылына барлық қорлар 15 венчурлық жобаны қаржыландырады деп жоспарланған. Қазіргі таңда да бұл көрсеткіш сақталынып қалған. Басты себеп инновациялық инфрақұрылым элементтерінің әлі толық қалыптаспауы және аралық байланыстың орнықты жетілмеуі болып табылады[3]. Елімізде бизнес-періштелер саны да, олардың инвестиция көлемі мардымсыз. Ұйымдастырушылық-өндірістік инфрақұрылым. Венчурлық жобаларды басқару және оны өндірістік жүзеге асыруын ұйымдастыруды қамтиды. Өзіне ЖОО мен ғылыми-зерттеу орталықтарының лабораторияларын, технологиялар трансферті орталықтарын, бизнес-инкубаторлар мен технопарктерді біріктіреді[1]. Елімізде аталған институт құрауыштарының барлығы қалыптастырылған:

Шетелдік серкітестермен бірге 5 технологиялар трансфертінің халықаралық орталықтары құрылған. 2015 жылдан технологиялар трансферті желісін құру үрдісі жүріп жатыр. Желі-бизнесмендер және өнертапқыштар мүдделері тоғысатын жаңа технологиялардың электронды жәрмеңкесі. Яғни, ол бизнес және ғылым арасындағы байланыстырушы платформа қызметін атқарады.

Бүгінгі таңда Қазақстанда 50-ден астам бизнес-инкубатор мен 11 технопарк қызмет етуде. Алайда, олардың көбі инновациялық сипаты жоқ, тек кәсіпкерлік ортаға икемді шағын кәсіпорындарды дайындаумен және оларға қызмет көрсетумен айналысуда, яғни еліміздегі технологиялық бизнес-инкубаторлар өзінің мақсатты жұмыстарымен шұғылдана алмай отыр. ҚР «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Заңына сәйкес, олар - инновацияны құру, қорғау құжаттарын алуға өтінімдерді рәсімдеу және инновациялық жобаны дайындау үшін жеке және заңды тұлғаларға құқықтық, ұйымдық, ақпараттық және өзге де қызметтер ұсыну жөніндегі іс-шараны жүзеге асырушы заңды тұлға болып табылады [4].

Кадрлық қамтамсыз ету. Кадрлық қамтамсыз ету еліміздегі ЖОО, коучинг-орталықтар, ғылыми-ақпараттық орталықтар және өзге де институттар арқылы жүзеге асады. Олардың басты міндеті кәсіпкер-инноватор, менеджер-инноватор секілді жаңа талап мамандарын әзірлеу болып табылады[1]. Құқықтық қолдау. Республикалық және жергілікті заңнамалар арқылы жүзеге асатын инновациялық және инвестициялық салалардағы құқықтық қолдау[1]. Елімізде жеке венчурлық индустрияны реттеуші заңнама жоқ.

Инвестиция туралы заң және мемлекеттік бағдарлама құжатында венчур инновациялық жобаны қаржыландырудың бір құралы ретінде ғана қарастырылады. Ақпараттық қамтамсыз ету. Инвесторлармен инноватордың әр түрлі кездесу алаңдары, интернет-порталдар, венчурлық жәрмеңкелер т.б. арқылы жүрзіледі[1]. Қазақстандағы венчурлық бизнестің 10 жыл ішінде айтарлықтай алға баспауының басты себебінің бірі болып табылады. Сонымен Қазақстанның венчурлық индустриясының дамуына кері әсерін беріп отырған келесі мәселелер мен шешімдерді ұсына аламыз:

- Қазақстанда инновациялық ойлар саны жеткіліксіздігі.
- Венчурлық экожүйе элементтерінің тәжірибесінің аздығы. Бәрімізге белгілі - тәжірибе тек іс барысында шыңдалады, ал инновациялық орта мен инновациялық нарықтың қалыптаспауы инфрақұрылым элементтерінің жетілуіне қол байлау болып отыр;
- Қазақстан индустриясына отандық капиталдың аз тартылуы;
- Венчурлық инвесторларды аз тәуекелді жоғары технологиялық бөлімдерге тікелей инвестицияларды тартудың экономикалық белсендірудің жоқтығы;
- Инфрақұрылымның жақсы дамымағандығынан тікелей инвестициялауды қызықтыратын Қазақстанда ғылыми техникалық саласында жаңа мен шағын және орта тез өсетін инновациялық технологиялық кәсіпкерліктің енгізілуі жүзеге аспауда.

- Шағын және орта бизнес салаларында кәсіпкерлік қызмет беделінің төмендеуі. Жеке сипаттағы инновациялық белсенділіктің тым төмендігі және өндірістік сипаты жоқ салалардағы (сауда-саттық, қызмет көрсету, қаржылық сектор, т.б.) табыстылықтың жоғары болуы. Бұл құбылысты экономистер «экономиканың біржақты дамуы» деп атап жүр. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, көптеген инновациялардың пайда болуы мемлекеттік емес ұйымдар мен орталықтардың, өндірістердің ықпалынан және белсенділігінен туындайды.

- «Идея – жүзеге асыру» үдерісінің әлсіз жүруі. Ғылыми орталықтар мен өндіріс арасындағы тізбектің дамыту керек.

- Халықаралық бәсекенің жоғары болуынан, отандық өнімнің, қызметтің шығуының шектелуі.

- Тәжірибелі, мықты кадрларымыз мұнай, банк салаларына тартылғандығы өз әсерін тигізуде.

- Венчурлық белсенділік ұзақмерзімді қаржыландыру көзі болғанда өсуі мүмкін. Сондықтан ұзақмерзімді қаржыландыруға дайын инвесторларды ынталандыру қажет.

- Интеллектуалды меншік нарығының қалыптаспауы. Новатор мен оны қолдаушының бірін-бірі табу қиындығы. Оның шешімі ретінде көрме-жәрмеңкелерді ұйымдастыруды ұсынуға болады.

- Тәуекелді кәсіпкерліктің алғашқы кезеңдерде пайда түсіруінің аз болуы инвесторлардың тартымдылығын төмендетеді. Соғын байланысты мемлекет тарапынан алғашқы кезеңдерде қаржыландырған инвесторларға белгілі бір қолдау шараларын көрсету керек. Мысалға, Нидерландыда мемлекет жаңа кшағын компанияларға салынатын инвестицияның мүмкін болатын шығынның 50 пайызына дейін өтейтініне кепілдік береді.

- ҚР салық кодексінде венчурлық қаржыландыруды қолдайтын тікелей шаралар қарастырылмаған.

- Елімізде венчурлық кәсіпкерліктен шығудың ең бір тиімді жолы – бағалы қағаздар нарығы дамымаған.

- Ақпараттандыру мәселесі. Тұрғындардарға венчурлық қаржыландыру мүмкіндігі, венчурлық индустрия түсінігі және қалай жұмыс жасайтыны туралы ақпарат таралуына мемлекет арнайы іс-шаралар жүргізуі қажет.

Қазақстан айқын стратегиялық басымдылыққа ие бола тұра, толығымен өз әлеуетін қолданбайды және индустриалды инновациялық даму жолында көптеген шешілмеген қиындықтары бар. Бірақ, Республикамызда қолайлы инновациялық климат және мемлекеттік стратегияны қолдау қалыптасқан. Сондықтан, бізге технологиялық дамуымыз бәсекелестерден артта қалып кетпеуі үшін және оларға экономикалық тәуелділігіміз өспеуі үшін, белсендірек қимылдау қажет. Еліміздің инновациялық жобаларға тез бейімделіп, үлкен экономикалық серпілістер жасауы-бүгінгі күннің талабы.

Әдебиет:

Богуславский И.В., Угнич Е.А. Развитие венчурной экосистемы: роль организационной культуры [электронды ресурс] //

URL:<http://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-venchurnoy-ekosistemy-rol-organizatsionnoy-kultury>

Годовой отчет АО «Национальное агентство по технологическому развитию» за 2014 год [электронды ресурс] // URL: <http://natd.gov.kz/wp-content/uploads/2015/10/GO-2014-23.06.2015-rev-1-korreksiya-07.07.2015.pdf>

Қазақстан Республикасының 2003 – 2015 жылға арналған инновациялық саясатты жетілдіру бағдарламасы. Алматы, 2003.

"Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 27 ақпандағы N 195 Қаулысы

УДК 334.7.012.64

ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ БИЗНЕС ИНКУБАТОРОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Скакова Дамира Аслановна Карагандинский государственный университет им.Е.А.Букетова, Казахстан, г. Караганда skakova_damira.kz@mail.ru

Одним из главных стратегических направлений социально – экономической политики, проводимой Правительством в Республике Казахстан, является развитие малого и среднего бизнеса. На современном этапе экономического развития Республики Казахстан все более важную роль играет частный бизнес. В последние годы в Казахстане получило динамичное развитие малое предпринимательство, которое осуществляют физические и юридические лица для получения